“БАЛДӘУРЕН” - ТЫНЫСЫ

№13 8 ауысым 07 шілде 2022 жыл (ауысым сайын)

Балалар мен жасөспірімдер журналы

«TurGuide» жас туристтердің республикалық керуені

БОСЫМБАЕВ Даурен Абдикаримович,
«Балдәурен» РОСО филиал директоры.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы

Ұлттық домбыра күні

Сіздерді Ұлттық домбыра күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Шын мәнінде, қазақтың қара домбырасы – ұлтымыздың бойтұмары. Оның үні әрқайсымыздың жүрегімізге жақын. Өйткені, қазақ пен домбыра – бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын егіз ұғым. Жұртымызбен бірге домбыра да мәңгі жасайды. Күй өнері азаттық рухын ұрпақтан ұрпаққа жалғастырады. Домбыра әр шаңырақтың төрінде тұрып, Еліміздің мерейі тасып, абыройы асқақтай берсін!

Бұл – Елбасының рухани жаңғыру жолын және салт-дәстүріміздің мән-маңызын дәріптейтін игі бастама. Қос ішекті қара домбыраның үнінде Ұлы даланың тамыры терең тарихы мен сан ғасырлық шежіресі бар. Қазақтың бекзат болмысы мен асыл қасиеттері қашанда әнмен әрленіп, күймен көмкерілген. Халқымыздың төл өнерін төріміздан түспеген домбырасыз елестету мүмкін емес. Ұлттық рухты күмбірлеген күйден артық көтеретін дүние кемде-кем. Халқымыздың көрнекті ақыны Қадыр Мырза Әлі жырлағандай: «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра».

Біз ұлттық аспабымыздың бүкіл әлем мойындаған мәдени құндылыққа айналғанын мақтан етеміз. Атадан балаға аманат болған осындай асыл қазынамызды қадір тұту – бәріміздің қасиетті борышымыз. Жылдан жылға домбыра тартатын жастардың қатары көбейіп келе жатқаны қуантады. Қазақтың дәстүрлі ән-күйін насихаттап жүрген барша өнерпаздарға алғыс айтамын.

Ұлттық Домбыра мерекесі құтты болсын! Әр шаңырақтан ән-күй үзілмесін!

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев

ЕРНАЗАРОВА Айнұр Шүкірқызы,
«Балдәурен» РОСО филиалының
ұйымдастырушы-ұстазы.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы

Астанамыз – Нұр-Сұлтан!

Астанамыз Нұр-Сұлтан,
Көркейе бер әр қашан!
Әлем жұрты көз тіккен,
Сәулетіңмен мақтанам.

Бой түзеген Есілдің жағасында,
Ғасырдың қаласысың сен жаңа.
Тәуелсіздіктің тұғырын биік ұстап,
Жетейік жүз жастарға, мың жастарға.

Көз тоймас келбетіңе қарағанда,
Болдың сен қазағыма арман қала.
Жерімде сұлулығы тең келетін,
Барма екен? - сен секілді әсем қала.

Бүгінде әлем білер бас орданы,
Нұр-Сұлтанда шырқалар жастар әні.
Халқымыз, Отанымыз аман болса,
Қазақтың арта түсер сән, салтанаты.

Бүгін міне 24-жылдық мерей тойың,
Құтты болсын Алаш елім, қалың жұртым,
Жаңа ғасыр, жаңа астана қазағымда,
Өзің жайлы таусылмас жыр, дастан да.

Заманға сай шарықтап, дами бергін,
Осы жолдан бағытың жаңылмастан.
Мәңгілік ел мәртебесі бір өзіңде,
Ашық болып аспаның, бағың жансын!

ЭКОТУР

“Балдәурен-Түркістан” Республикалық оқу-сауықтыру ортылығының 8-ауысым демалушылары Шымкент қаласында орналасқан “Шымкент ескі қалашығы” жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізіміне енген, археологиялық орынмен танысу мақсатында танымдық-экскурция жасады. Танымдық-экскурция барысында балалар Шымкент қаласының көне тарихымен танысып, қаланың тыныс-тіршілігі жайлы көптеген құнды мәліметтерге ие болды. Танымдық-экскурсия оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, демалыстарының жемісті өткізулеріне септігін тигізді. Саяхат жоғары деңгейде өтті.

«Балдәурен әлемінде» бекет бойынша ойыны

Бұл жаз бұрынғыдан өзгеше!

Ия, өзгеше деуіміздің себебі, соңғы жылдары әлемді жайлаған індеттің кесірінен барша демалыс орындары тоқтап, оқушылардың демалысқа барулары азайған болатын. Биыл жадыраған жазбен бірге оқушылардың демалыс орындарға баруы да көбейді.

2022 жылдың 8-ауысым балаларын қабылдап, толықтай медициналық тексеруден өткіздік. Ауысымның ең алғашқы іс-шарасы «Балдәурен әлемінде» бекет бойынша ойыны. Бекет бойынша ойынымыздың негізгі мақсаты – орталыққа енді ғана келген балаларға Балдәуреннің ауласымен, тыныс-тіршілігімен таныстыру. Оқушылар өз топтарымен түрлі бекеттерге барып, бекеттің қызықты тапсырмаларын орындады. Оқушылардың жылдамдығы ескерілді. Қызыққа толы бекет ойыны ауысым қатысушыларына ұнады деген ойдамыз.

«Hello, досым!» танысу кеші

Енді ғана орталыққа келген балаларға орталықтың жалпы ішкі ережелерімен, қатаң қағидаларымен таныстырып, бір-бірімен алдағы 15 күндік демалыста дос болып, тату-тәтті қарым-қатынаста болу мақсатында «Hello, досым» танысу кеші болып өтті. Балалар өздерінің сүйікті ұйымдастырушы-ұстаздарымен танысып, топтарға бөлінді. «Твыкс заңы», «Оң қол заңы», «Сол қол заңы», «Клем заңы», «Тук-тук заңы», «Асхана ережесі», және т.б өзгермес орталықтың ережелерімен таныстырды. Көңілді кеш ұйымдастырылып, балаларға кереметтей көңіл-күй сыйланды. Қызықты сұрақтар қойылып, ұтымды жауаптар алынды. Ойындар ойнатылып, балалардың өздерін ортада еркін ұстауларына көмектесті.

«Сенім» ұйымына үміткерлермен танысу

Ауысым қатысушыларының ішінен жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар атана алған балалар орталықтың «Балдәурен топ» мүшесі атанады. Сайлау барысында әр үміткер өзінің ауысым бойы не істей алатынын, балалардың демалысын қызықты өткізу әдістерін айтты. «Тематикалық күннің» қызықты әрі баланы жалықтырмайтын жолдарын қарастырып әділ-қазыларға ұсынды. Балалармен жақсы қарымқатынаста болып, орталықтың бөлмелерінің тазалығы, асханадағы тыныштық, тематикалық күннің қызықты өтуі, ұйымдастырушы-ұстаздарға көмектесу «Сенім» ұйымының басты міндеті. Өзің демалып, әрі қызықты жұмыс атқару өте көңілді. 8-ауысымның «Сенім» ұйымының президентін сайлау қорытындысы шыққасын, ауысымның ашылу салтанатында білетін боламыз.

«Қызыққа толы саяхат»

топ визиткасын қорғау кеші

8-ауысымның топ визиткасын қорғау кеші 25-маусым күні болып өтті. Топ визиткасы қорғау кешінің ерекшелігі – әр топтың өзіне тән аты, ұраны, және де санамағы болады. Бұл кеш топтардың достығын нығайтып, кез-келген іске қабілетті және топ ішінің ұйымшылдығын көрсетеді. 9-топ өзінің бар өнерін ұйымдастырушы-ұстаздарымен бірге ортаға салды. Топтың аты, ұраны, санамағы бір-біріне мүлдем ұқсамайды.

Балалар киімдерін барынша бірдей үлгіде киіп, өз тобының мықтылығын, бәрінен ерекшелілігін, өнерлілігін көрсете алды.

Әр топ өнер көрсеткенде қалған топтар қолдау көрсетіп, қошеметтеп отырды. 11-топ өз өнерлерін көрсетіп болғаннан кейін «Жастар» педагогикалық тобы ортаға шығып нағыз топтың қандай болуы керек екендігін, топтың ұйымшылдығы мен татулығын балаларға көрсете алды. Біздің ұйымдастырушы-ұстаздар өз ісінің нағыз майталмандары, және оған ешкімнің таласы жоқ.

«Қызыққа толы саяхат» атты топ визиткасын қорғау кеші өте қызықты, әрі тартысқа толы болды. Кеш соңында жеңімпаз топтарымыз анықталып, өз жүлделерімен марапатталды.

2022 жылдың 8 ауысымының ашылуы салтанатты

Балалардың арман аралына айналған «Балдәуренге» келу кімде-кімнің болсада арманы деп ойлаймын. Бүгін орталығымызда ауысымның негізгі іс-шарасы 2022 жылдың 8-ауысымының ашылу салтанаты болып өтті. Ауысым тақырыбына байланысты қойылым қойылып, ән шырқалып, би биленді. Орталық басшысы сөз сөйлеп, ауысымға сәттілік тіледі. Күнделікті күн тәртібінде міндетті түрде балалардың демалыстарының қызықты өтуі үшін әр түрлі бағыттағы іс-шаралар, көңілді кештер ұйымдастырылуда. 8-ауысымның «Сенім» ұйымының президенті болып 7-топ демалушысы Ноғай Әсем 47,1 % дауыс жинап, ауысым президенті атанды. Алда демалушыларымызды түрлі қызыққа толы кештер күтуде. Бізбен бірге болыңыздар.

«Шабыт» шығармашылық байқауы

Шығармашылық байқау барысында балалар бар күш жігерін салып, өздерінің өнерлі екендіктерін көрсете алады. Дәстүрге айналған бұл байқауымыздың мақсаты – жастардың өнерге деген қызығушылықтарын оятып, жан-жақты қабілеттерін ашып, шығармашыл жастарды тәрбиелеу.

Кез-келген баланың өзіндік жеке қабілеті, дарыны болады. Мұғалімнің басты міндеті сол қабілетті аша білу. Жалпы әр байқауға 50 минут уақыт беріледі. Топтан озып шыққан оқушылар анықталады. Шығармашылық кештің қорытындысын алдағы диско-фестада білетін боламыз.

«New Zhastar» педагогикалық тобымен танысу кеші

Бұл кеш балалардың ұйымдастырушы-ұстаздарының қыр-сырын толықтай білуіне көмектеседі. 8-ауысым балаларының көңілдеріне ерекше көңіл-күй сыйлап, тәрбиешілеріміз ән айтып, би биледі. Сахналық қойылым жасап, іс-шараны қызықтыра түсті.

Орталыққа келген әр баланың жүрегінің төрінен орын ала білетін, мінезімен тәрбиесі, білімі ұштасқан «Жастар» педагогикалық тобына алдағы уақытта тек қана сәттілік тілеп, жас ұрпақты тәрбиелеуде аянбай еңбек етулеріне тілектеспін! Болашақтың іргесі біз жастардың қолында. Мен жастарға сенемін!

«Ән-халықтың ұлттық мұрасы» халық әндер байқауы

Балаларды сахна мәдениетіне үйрету, ұмыт болып бара жатқан қазақ халық әндерін насихаттау, балалардың бойындағы қабілеттерін көрсету арқылы отаншылдық рухын оятып, отансүйгіштік сезімін жетілдіру мақсатында «Ән-халықтың ұлттық мұрасы» халық әндері байқауы болып өтті.

1-топ «Көк шоллақ» әні, 2-топ «Балқадиша» әнімен, 3-топ «Дударарй-ай» әні, 4 топ «Сәулемай» әнімен, 5-топ «Молдабайдың әні», 6-топ «Туған жер» әні, 7-топ «Халық әні папури» атты әні, 8-топ «Беу-айдай» әнін топпен шырқаса, "Жастар" педагогикалық тобы "Қырманға кел қалқатай" халық әнін айтып сахнаның сәнін кіргізді. Байқау қорытындысы бойынша 7-топ

жеңіске жетті.

«Ең қуанышты күн» туған күн иелеріне арналған кеші

Туған күн ең керемет мерекенің бірі. Жылына бір келетін бұл мерекеде әркім әртүрлі жағдайда күтіп алады. Ал біздің орталықта әр баланың есінде мәңгі сақталып, ерекше естеліктерге толы кеш болып өтеді. Дәмді етіп пісірілген бәліш, ерекше сахналық қойылым, кереметтей ізгі тілектер бәрі-бәрі осы кештің иелеріне арналады. 8-ауысым барысында өз туған күнін 260 баламен бірге тойлап, сыйлықтар алып, ерекше көңілді кештің қонағы атанады.

Туған күн иелері мен қонақтарымызға ерекше көңілді кеш сыйлады.

«Чемпион» СМ ойындары

«Чемпион» СМ ойындарының ашылу салтанатында түрлі спорттық би билеп, ән айттылды. Спорттық қойылым сахыналанды. «Чемпион» СМ жалауы көкке көтеріліп, әнұранымыз шырқалып барлық топтарға сәттілік тіленді. Екі күнге созылған СМ өзінің ерекшелігі мен қызығына толы болды. Балалар топтық және жекелей жарыстарға қатысып, жүзден жүйріктер анықталып жатты.

Қазақтың ұлттық құндылықтарын насихаттайтын ойындар ойнатылды. Балалар арқан тартып, секірмекпен секіріп, жылдамдыққа жүгіріп, ләңгі теуіп, асық атып өзара жарысты. Балдәуреннің рекорттары жаңартылды Екі күн жалғасын тапқан спорттық ойынымызда өз мәресіне жетіп, үздіктер анықталып, марапатталды. «Шыныққан шымыр боларсың», - дегендей салауатты өмір салтын бірге ұстанып, спортты жанымызға серік етейік!

«Tur star» жаяу туризм

Туризм – адамның бос уақытындағы саяхаты, белсенді демалыстың бір түрі. Туризм – халықтың рекреациялық қажеттілігін, денсаулығын жақсарту, күш-қуатын қалпына келтіру, т.б. қанағаттандырудың ең тиімді жолы.

Орталығымызда ұйымдастырылған «TurStar» жаяу туризм өтте жоғары деңгейде өтті. Туризмнің мақсаты оқушылар тауға шыққанда шатыр тігуді, от жағуды, арқан байлауды, шәй қайнатуды, және т.б қажетті заттарды үйрету.

«Дыбыс толқынында» дыбыстық оркестр байқауы

Дыбыстық оркестр – топ балаларының бірлесе әннің әуенін әр түрлі дыбыстар арқылы жеткізу. Топ болып жарысқан балалар өздерінің музыкалық қабілеттерін сынап көрді. Қызу сайыс барысында оқ бойы озық болған топты анықтау әділ-қазы алқаларына қиынға түсті. Бәрі бір-бірінен өткен өнерлі балаларды бөліп жару оңай емес. Ырғақты қойылған әуенмен жарыса түрлі заттар арқылы сол әннің әуенін қоса орындаған балаларды құдды бір оркестр дерсің. Тартысты әрі қызыққа толы байқау болды. Байқау қорытындысы бойынша жүлделі орын «Бас жүлдені» 8-топ, 1-орынды 9- топ, 2-орын 6-топ алды, қалған топтар 3-орынға ие болды. Жүлделі орын алған топтарымызды жеңістерімен құттықтаймыз.

2022 жылдың 8 ауысымының жабылу салтанаты

Міне, 15 күнге созылған күз мезгілінің алғашқы ауысымы 8 ауысым да аяқталды. Жас Балдәурендік достарымыздың демалыстары қызыққа толы, әрі есте қалардай өткеніне сеніміміз мол. Ауысым барысында өзінің ұйымшылдығымен, белсенділігімен көзге түскен оқушыларымыз «Қазақстанның жас патриоттар Академиясына» қабылданды. 15 күн бойы ұйымдастырушы-ұстаздарымызға көмегін беріп, оқушылардың демалыстарының сапалы өтуіне атсалысқан «Сенім» ұйымының президенті мен министрлеріне айтар алғысымыз шексіз.

«I love Baldauren!» гала-концерті

Ауысым барысындағы қызыққа толы сәттер, көңілді диско-фиеста, түрлі іс-шаралар мен тартысқа толы жарыстар бәрі-бәрі де соңына таяды. Қайта келмес күндер-ай десеңші. Қоштасу сәті өмірдегі ең қиын сәттердің бірі. Орталыққа келген әр баланың жүрегінде отбасына деген сағыныш тұрса, қимас достар мен өз ұйымдастырушы-ұстаздарына деген қимастық сезімі де қатар тұрады.

Ендеше соңғы қоштасу кешімізде бақыттың ордасы болған - Балдәуренге айтар алғысымыз шексіз!

Қош бол! Балдәурен, қайта айналып келгенше!

Бас редактор: *Ерназарова Айнұр Шүкірқызы*

baldauren

Мекен-жайы:
Түркістан облысы, Төлеби ауданы,
Нысанбек ауылы, Үшсала көшесі, 32 үй
Телефон: +7 (705) 953 99 28
E-mail& baldauren_2@inbox.ru